«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ

Бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік және Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

2025 жылғы 31 желтоқсан

Мазмұны

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есеп 6
Пайда немесе залалдар және өзге жиынтық кіріс туралы есеп 7
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп 8
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп 9

Қаржылық есептілікке ескертпелер

1 Есеп беретін кәсіпорын 10
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі 11
3 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу 12
4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары 12
5 Ақша қаражаты және оның баламалары 13
6 Инвестициялық бағалы қағаздар 13
7 Өзге қаржы активтері және өзге активтері 14
8 Өзге міндеттемелер және еңбекақы төлеу бойынша міндеттемелер 14
9 Акционерлік капитал және резервтер 14
10 Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс 15
11 Операциялық шығындар 15
12 Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс 16
13 Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу 16
14 Тәуекелдерді басқару 18
15 Капиталды басқару 23
16 Шартты міндеттемелер 23
17 Сенімгерлік басқару 23
18 Байланысты тараптармен операциялар 23
18 Қаржылық активтер мен міндеттемелер: әділ құн және есептік жіктелуі 25
19 Есепті күннен кейінгі оқиғалар 26

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне:

Біздің пікіріміз

Біздің пікірімізше, көрсетілген қаржылық есептілік «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық маңызды қарым-қатынастардағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Компанияның келесілерді қамтитын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп;
- көрсетілген күнде аяқталған жылдық пайда немесе залалдар және басқа жиынтық кіріс туралы есеп;
- көрсетілген күнде аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп;
- көрсетілген күнде аяқталған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сай жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай осы біздің есептің «Аудитордың қаржылық есептілікнің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты негіз деп санаймыз.

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептіліктің аудитіне қатысты Аудит қызметі туралы заңның этикалық талаптарына сәйкес және Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің қоғамдық мүдделі субъектілердің қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Әл-Фараби дан., 34, ғимарат А, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6
Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты адамдардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есепті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы құруға және қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар, басшылық салғырт әрекеттер және қателіктер салдарынан бос қаржылық есепті дайындауға қажет ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржы есебін дайындау барысында, басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті ақпаратты жария етуге, қаржылық есептілік - жұмысты үздіксіз жалғастыру қабілеті негізіндегі қағидатты қолданумен дайындауға, басшылық Компанияны тарату, оның қызметін тоқтату, қызметті тарату немесе тоқтатудан басқа балама жоқ кездерден басқасына жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржы есептілігін дайындау үрдісін қадағалауға жауапты болып табылады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік салғырт әрекеттер немесе аудиторлық есеп шығару барысында қателіктер салдарынан бой көтеретін небір елеулі бұрмаланулардың жоқ екендігін растайтын орынды сенімділік алу болып табылады. Орынды сенімділік, сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ХАС-ға сай жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалауды анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмаланулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп орынды түрде күтілсе, маңызды деп есептеледі.

ХАС-ға сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби тұжырымдама қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- салғырт әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулардың тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және бағалаймыз; біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Салғырт әрекеттер салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың тәуекелі, қателер салдарынан болатын елеулі бұрмалануларға қарағанда жоғары, себебі салғырт әрекеттер келісім, жалғандық, әдейі қалдырып кету немесе ақпараттарды жалған көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерінен тұруы мүмкін;
- ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудит тұрғысынан мәні бар, ішкі бақылау жүйесі жайлы түсінік аламыз;
- қолданыстағы есеп саясатының орындылығы мен есептік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған байланысты ақпаратты ашып көрсетулердің негізділігін бағалаймыз;

- басшылықпен үздіксіздік принципін қолдану заңдылығын қорытындылаймыз, ал жиналған аудиторлық дәлелдер негізінде – айтарлықтай күмәнді оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі пайда болу мүмкіндігін тұжырымдаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз қаржы есептілігінде тиісті ақпаратты ашып, біздің есепте назар аударуымыз керек, немесе осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, біздің пікіріміз өзгертіледі. Біздің нәтижелер аудиторлық есепті шығару күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның үздіксіз жұмыс жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпаратты ашылуын, және қаржылық есептіліктің негізіндегі операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынылуын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару жауапкершілігіне жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара қарым-қатынастарды жүзеге асырамыз, яғни басқалармен қатар, жоспарланған аудит мерзімдері мен көлемі туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы ақпараттарды, оның ішінде аудит процессі барысында біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктерін олардың назарына жеткіземіз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан:

Pricewaterhouse Coopers

Бекітілді:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

Айгүл Ахметова
Аудиторлық қызметтердің серіктесі
Аудитор-орындаушы
(2012 жылғы 27 тамыздағы № 0000083
Аудитордың біліктілік куәлігі)

2026 жылғы 27 ақпан
Алматы, Қазақстан

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламалары	5	5,639,846	5,362,658
Инвестициялық бағалы қағаздар	6	36,064,263	36,363,102
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар		150,734	192,336
Негізгі құралдар		22,398	27,546
Материалдық емес активтер		4,123	6,241
Кейінге қалдырылған салық активтері	13	122,598	125,722
Өзге қаржы активтері	7	158,035	79,600
Өзге активтер	7	157,130	157,514
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		**42,319,127**	**42,314,719**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Еңбекақы төлеу бойынша міндеттемелер	8	442,849	459,482
Ағымдағы салықтық міндеттемелер	13	340,125	-
Өзге міндеттемелер	8	104,208	71,193
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ		**887,182**	**530,675**
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	9		
Акционерлік капитал		40,000,000	40,000,000
Қосымша төленген капитал		78,195	77,139
Бөлінбеген пайда		1,353,750	1,706,905
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		**41,431,945**	**41,784,044**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		**42,319,127**	**42,314,719**

2026 жылғы 27 ақпанда Компания басшылығының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

С. Д. Рысбеков
Басқарма Төрағасы

Д. К. Смаилов
Бас бухгалтер

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2025 жыл	2024 жыл
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс	10	3,153,393	3,021,126
Операциялық шығындар	11	(2,701,030)	(2,553,010)
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	12	305,343	282,639
Өзге шығындар		(8,124)	(9,516)
Салық салуға дейінгі пайда		**749,582**	**741,239**
Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу	13	(342,986)	18,515
БІР ЖЫЛДАҒЫ ТАЗА ПАЙДА		**406,596**	**759,753**
Өзге жиынтық кіріс			
Жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс		-	-
Бір жылдағы жалпы таза пайда және жиынтық кіріс		**406,596**	**759,753**

2026 жылғы 27 ақпанда Компания басшылығының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

С. Д. Рысбеков
Басқарма Төрағасы

Д. К. Смаилов
Бас бухгалтер

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2025 жыл	2024 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Алынған пайыздық кірістер		3,379,181	3,101,850
Сенімгерлік басқарудан алынған комиссиялық кірістер		229,371	206,669
Төленген басқа да жалпы шаруашылық және әкімшілік шығындар		(1,097,848)	(936,931)
Қызметкерлерге төленген шығындар		(1,607,577)	(1,547,011)
Операциялық активтердің/міндеттемелердің азаюы/(ұлғаюы)			
Өзге активтер		(10,204)	(21,354)
Өзге міндеттемелер		32,402	37,784
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза шамасы		**925,325**	**841,007**
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	5	(4,242,324)	(19,376,660)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер	5	4,290,250	19,563,190
Қызметкерлер өтеген ұзақ мерзімді қарыздар		66,727	33,892
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(3,040)	(2,289)
Инвестициялық қызметтен алынған ақша қаражатының таза шамасы		**111,613**	**218,133**
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Дивидендтер төлеу	9	(759,750)	(867,400)
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза шамасы		**(759,750)**	**(867,400)**
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза өсуі		**277,188**	**191,740**
Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары		5,362,658	5,170,918
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары	5	**5,639,846**	**5,362,658**

2026 жылғы 27 ақпанда Компания басшылығының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

С. Д. Рысбеков
Басқарма Төрағасы

Д. К. Смаилов
Бас бухгалтер

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2024 жылғы 1 қаңтар		40,000,000	76,084	1,814,551	41,890,635
Бір жылғы пайда және жалпы жиынтық кіріс		-	-	759,754	759,754
Бас компаниядан тегін алынған қызметтер мен мүлік	18	-	1,055	-	1,055
Төленген дивидендтер	9	-	-	(867,400)	(867,400)
2024 жылғы 31 желтоқсан		**40,000,000**	**77,139**	**1,706,905**	**41,784,044**
2025 жылғы 1 қаңтар		40,000,000	77,139	1,706,905	41,784,044
Бір жылғы пайда және жалпы жиынтық кіріс		-	-	406,595	406,595
Бас компаниядан тегін алынған қызметтер мен мүлік	18	-	1,056	-	1,056
Төленген дивидендтер	9	-	-	(759,750)	(759,750)
2025 жылғы 31 желтоқсан		**40,000,000**	**78,195**	**1,353,750**	**41,431,945**

2026 жылғы 27 ақпанда Компания басшылығының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

С. Д. Рысбеков
Басқарма Төрағасы

Д. К. Смаилов
Бас бухгалтер

1 Есеп беретін кәсіпорын

Ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында 2012 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы № 798-1910-06-АҚ куәлігі 2012 жылғы 25 маусымда берілген (2017 жылғы 31 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).

Компанияның негізгі қызмет түрлері – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін, Қазақстан Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - «ҚРҰБ») алтын-валюталық активтерін, зейнеткерлік активтерді және өзге активтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сенімді басқару бойынша қызметті жүзеге асыру.

Компания бағалы қағаздар нарығындағы қызметін ҚРҰБ инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысуға 2012 жылы 20 желтоқсанда берген № 4.1.4.110 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. «Бағалы қағаздар нарығы туралы заңына» енгізілген өзгертулерге байланысты Компания 2015 жылдың 15 мамырынан бастап мемлекеттік лицензиясыз жұмыс істейді.

Компания Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 57А мекенжайы бойынша тіркелген.

Компанияның жалғыз акционері - ҚРҰБ (бұдан әрі - «Бас компания») болып табылады. Қаражаттың барлық бөлігі Бас компаниядан тартылған. Осыған қосымша, Компанияның қызметі Бас компанияның талаптарымен тығыз байланысты болады. Байланысты тараптармен операциялар толығырақ 18-ескертпеде көрсетілген.

ҚРҰБ алтын-валюта активтерінің бір бөлігін сенімгерлік инвестициялық басқару туралы және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің бір бөлігін инвестициялық басқару туралы Компания мен ҚРҰБ арасында 2013 жылғы 29 наурызда және 2023 жылғы 26 желтоқсанда жасалған шарттардың талаптарына сәйкес, баламалы инвестициялар бойынша инвестициялық бағдарламаны іске асыру мақсатында ҚРҰБ мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры екі арнайы мақсаттағы компанияларын сәйкесінше 2015 және 2023 жылдары (бұдан әрі – «Қорлар») құрды. Компания әр Қорда құны 100 АҚШ долларын (тиісінше 19 мың теңге және 46 мың теңге) құрайтын басқарушы акцияларға иелік етеді және Қорлардың активтерін басқаруды жүзеге асырады. Акциялардың құны мәміле жасалған күнгі валюта бағамы бойынша теңгеге қайта есептелген. Қаржылық жағдай туралы есепте бұл инвестициялар өзге активтер құрамында есепке алынады.

Компания Қорлардың активтерін басқарғанына қарамастан, Қорлар кірістілігінің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды, себебі Қорлар жүзеге асыратын инвестициялардан алынатын барлық экономикалық пайдалар тікелей ҚРҰБ мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына тиесілі. 17-ескертпені қараңыз.

Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Ағымдағы саяси жағдайдың ұзақ мерзімді салдарын және оның экономикалық жағдайға ықпалын болжау қиын, сондықтан басшылықтың қазіргі болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

2025 жыл бойы инфляция салыстырмалы түрде тұрақты болып, 2025 жылғы желтоқсанда 12,3%-ды құрады, бұл 2024 жылғы желтоқсандағы 8,6%-бен салыстырғанда өзгерісті көрсетеді. Экономикалық өсім 2025 жылы 6,4%-ға дейін артты, ал 2024 жылы ол 3,8% деңгейінде болған. Осы есептің күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми айырбас бағамы 2025 жылғы 31 желтоқсанда 1 АҚШ доллары үшін 502.57 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 501.75 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда – 1 АҚШ доллары үшін 523.54 теңге).

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарыққа тән сипаттамаларды сақтап отыр. Бұл сипаттамаларға және олармен шектелмей, ел аумағынан тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы, сондай-ақ борыштық және үлестік бағалы қағаздар нарықтарындағы өтімділіктің төмен деңгейі жатады.

Экономикалық орта компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Басшылық компанияның тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, ал басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың перспективалары көбінесе Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ компанияның бақылауынан тыс құқықтық және саяси өзгерістерге байланысты.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік бастапқы құны бойынша есепке алу қағидалары негізінде 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттарына сәйкес дайындалды. Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясаты туралы елеулі ақпарат тиісті Ескертпелерде берілген.

Бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттары бойынша қаржылық есептілікті дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауды қолдануды талап етеді. Сонымен қатар, басшылық компанияның есеп саясатын қолдану кезінде өз пікірлеріне сүйенуі керек. Бағалаудың немесе күрделіліктің неғұрлым жоғары дәрежесін болжайтын бухгалтерлік есеп салалары, сондай-ақ болжамдар мен бағалаулар қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар 4-ескертпеде көрсетілген.

Осы қаржылық есептіліктегі 2024 жылғы бірқатар ашылулар презентацияны жақсарту мақсатында 2025 жылғы ашылуларға сәйкес келтірілді.

Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Компанияның функционалдық валютасы қазақстандық теңге болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, компания жүргізетін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін соған байланысты мән-жайларды жақсы көрсетеді.

Қазақстандық теңге осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер, егер өзгеше көрсетілмесе, мыңға дейін дөңгелектенеді.

Қызметтің үздіксіздігі принципі

Басшылық осы қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде дайындады.

Өтімділік тәртібімен қаржылық жағдай туралы есептің баптарын ұсыну

Компанияда нақты анықталған операциялық цикл жоқ, сондықтан Компания қаржылық жағдай туралы есепте қысқа және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді бөлек ұсынбайды. Оның орнына активтер мен міндеттемелер 14-ескертпеде күтілетін өтеу мерзімдері бойынша ұсынылады.

Төмендегі кестеде есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай өткенге дейін немесе одан кейін өтеуге немесе өтеуге күтілетін сомалар туралы ақпарат берілген.

	2025 жылғы 31 желтоқсан			2024 жылғы 31 желтоқсан		
	Өтелуі/қайтарылуы күтілетін сомалар			Өтелуі/қайтарылуы күтілетін сомалар		
Қазақстандық мың теңгемен	**есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде**	**есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін**	**Жиыны**	**есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде**	**есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін**	**Жиыны**
АКТИВТЕР						
Негізгі құралдар	-	22,398	22,398	-	27,546	27,546
Материалдық емес активтер	-	4,123	4,123	-	6,240	6,240
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	122,598	122,598	-	125,722	125,722
Өзге активтер	69,435	87,695	157,130	52,977	104,537	157,514
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Еңбекақы төлеу бойынша міндеттемелер	442,849	-	442,849	459,482	-	459,482
Ағымдағы салықтық міндеттемелер	340,125	-	340,125	-	-	-
Өзге міндеттемелер	104,208	-	104,208	71,193	-	71,193

3 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу

Келесі жаңа стандарттар мен түзетулер 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді:

- 21 ХҚЕС (IAS) «Айырбастаудың шектеулі мүмкіндігі» түзетулері (2023 жылдың 15 тамызында шығарылды және 2025 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енгізілді)

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын және Компания әлі мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен түсініктемелер жарияланды.

- Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау талаптарына түзетулер - 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2024 жылдың 30 мамырында шығарылды және 2026 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- 18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу» (2024 жылдың 9 сәуірі шығарылды және 2027 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- 19 ХҚЕС (IFRS) «Жария емес еншілес компаниялар: ақпаратты ашу» (2024 жылдың 9 мамырында шығарылды 2025 жылдың 21 тамызында өзгертілді және 2027 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- 14 ХҚЕС (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік түзетулер шоттары» (2014 жылғы 30 қаңтарда шығарылды және 2026 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- 10 ХҚЕС (IFRS)және 28 ХҚЕС (IAS) түзетулері – «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна салу» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және ХҚЕС кеңесі айқындайтын күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енді).
- ХҚЕС Бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру (2024 жылғы шілдеде шығарылып және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді).

Егер жоғарыда өзгеше талқыланбаса, жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтілмейді.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары

Сенімгерлік басқару

Компания ҚРҰБ активтерін және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсетеді, атап айтқанда, берілген нұсқауларға сәйкес активтерді басқарады не алынған қаражатты түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Сенімгерлік басқаруға алынған активтер компанияның активтері болып табылмайды және оның қаржылық жағдайы туралы есебінде көрсетілмейді. Бұл бағалау үшін компания келесі факторларды ескерді:

- Қорлар қызметінен жалғыз пайда алушылар ҚРҰБ және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры болып табылады. Компанияның сенімгерлік инвестициялық басқару туралы шарттарда белгіленген сома шегінде ғана сыйақы алуға құқығы бар. Компания сонымен қатар өзгермелі кірістерге байланысты тәуекелдерге ұшырамайды.
- Компания әр Қордағы басқарушы акцияларға иелік етеді, бұл оған Қорлар қабылдаған шешімдерге әсер ету құқығын береді. Алайда, Компания инвестицияларды бақыламайды, тек оған берілген ҚРҰБ активтерін сенімгерлік басқару қызметтері туралы шарт шеңберінде шешім қабылдау құқығын жүзеге асырады. Бас компания ретінде ҚРҰБ компания қабылдаған шешімдерге ықпал етуге құқылы.
- Компания сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру кезінде кредиттік тәуекелге ұшырамайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде 10 ХҚЕС (IFRS) "Шоғырландырылған қаржылық есептілік" талаптарына сәйкес Қорлар компания үшін шоғырландыру объектілері болып табылмайды. 17-ескертпені қараңыз.

5 Ақша қаражаты және оның баламалары

Қазақстандық мың теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Ағымдағы шот	-	5
Инвестициялық шот	34,390	20,614
Орналастыру мерзімі 90 күннен кем ЕДБ-дегі мерзімді депозиттер	72,897	38,260
Қазақстан қор биржасында жасалған «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	5,532,559	5,303,779
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиыны	**5,639,846**	**5,362,658**

Ақша қаражаты мен оның баламалары - бұл қолма-қол ақшаның белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын және құнының шамалы өзгеруіне ұшырайтын баптар. Ұсыну сәтінде үш айдан астам мерзімге пайдалануға қатысты шектеулер бар қаражат қаржы жағдайы туралы есепте де, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте де ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламаларының құрамынан шығарылады. Ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені: (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары тек негізгі қарыз бен пайыз есебінен төлемдер болып табылады және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмайды.

Компания кері РЕПО операцияларын ақша қаражаты және олардың баламалары ретінде жіктейді, өйткені: (i) олар өтімділігі жоғары, бұл олардың ақша қаражатына тез айналуына ықпал етеді, (ii) операциялар құнның өзгеру қаупіне ие емес және (iii) операциялар өтелгенге дейінгі бастапқы мерзім үш айдан аз.

2023 жылғы 12 шілдедегі №NDLA970 брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау жөніндегі шартқа сәйкес Компания бағалы қағаздармен операциялар және мәмілелер жасау бойынша брокерлік қызметтер көрсету үшін өзінің активтерін (бағалы қағаздар және ақша қаражатының бір бөлігі) «BCC Invest» АҚ номиналды ұстауына («Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ шотына) және Компанияның тапсырмасы бойынша бағалы қағаздар нарығындағы өзге қаржы құралдарымен қамтамасыз етіледі. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ шотындағы «BCC Invest» АҚ номиналды ұстауындағы ақша қаражатының сомасы 5,566,949 мың теңгені құрайды (2024 жылы: 5,324,393 мың теңге). "Moody's" халықаралық рейтингтік агенттігінің деректеріне сәйкес "BCC Invest" АҚ рейтингі "Ba2"деңгейінде (2024 жыл: “BB-“).

«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек 5,532,559 мың теңгені құрайды және бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны: 5,435,108 мың теңге). Қаржылық есептілік шығарылған күнгі жағдай бойынша «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек толығымен өтелді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ағымдағы шотындағы және мерзімді салымындағы ақша қаражатының сомасы 72,897 мың теңгені құрайды (2024 жылы: 38,265 мың теңге). Bloomberg деректеріне сәйкес «Standard & Poor's» халықаралық рейтингтік агенттігінің шкаласы бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ рейтингі «BBB–» деңгейінде.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен олардың баламаларына қатысты күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтер елеусіз болып табылады (2024 жылғы 31 желтоқсан: елеусіз).

2025 жыл ішінде Компания 4,242,324 мың теңге сомасына қысқа мерзімді инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алды (2024 жылы: 19,376,660 мың теңге) және оларды айналым мерзімінің соңында 4,290,250 мың теңге сомасында (2024 жылы: 19,563,190 мың теңге) өтеді.

Барлық ақша қаражаты мен олардың баламалары кредиттік тәуекелдің 1-сатысына жатады.

6 Инвестициялық бағалы қағаздар

Қазақстандық мың теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	36,064,263	36,363,102
Инвестициялық бағалы қағаздардың жиыны	**36,064,263**	**36,363,102**

6 Инвестициялық бағалы қағаздар (жалғасы)

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың жалпы сомасы «BBB-» кредиттік рейтингі және 2034 жылы өтеу мерзімі бар теңгемен номиналданған Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарымен ұсынылған.

Кредиттік рейтингтер «Standard&Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына сәйкес немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттарымен ұсынылған.

Инвестициялық саясатқа сәйкес Компания осы бағалы қағаздарды бизнес-модель шеңберінде ұстайды, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарға қатысты күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтер елеусіз (2024 жылғы 31 желтоқсан: елеусіз).

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық инвестициялық бағалы қағаздар кредиттік тәуекелдің 1-сатысына жатқызылған.

7 Өзге қаржы активтері және өзге активтері

Қазақстандық мың теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Өзге қаржы активтері		
Сенімгерлік басқаруға төленетін комиссиялар бойынша дебиторлық қарыз	158,035	79,600
Өзге активтер		
Төлем көзінде ұсталатын салықтар	87,630	104,472
Өзгелері	69,500	53,042
Өзге активтердің жиыны	**315,165**	**237,114**

8 Өзге міндеттемелер және еңбекақы төлеу бойынша міндеттемелер

Қазақстандық мың теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Жеткізушілерге берешек	4,746	2,475
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	**4,746**	**2,475**
Еңбекақы төлеу бойынша міндеттемелер	442,849	459,482
Өзге қаржылық емес міндеттемелер	99,462	68,718
Өзге қаржылық емес міндеттемелердің жиыны	**542,311**	**528,200**
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**547,057**	**530,675**

9 Акционерлік капитал және резервтер

Шығарылған капитал

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тіркелген, шығарылған және орналастырылған акционерлік капитал 4,000,000 жай акциялардан тұрады. Әр акцияның номиналды құны - 10,000 теңге.

Жай акциялардың иелері жарияланған кезде дивидендтер алуға құқылы, сонымен қатар Компания акционерлерінің жылдық және жалпы жиналыстарында бір акцияға бір дауыс беруге құқылы.

9 Акционерлік капитал және резервтер (жалғасы)

Қосымша төленген капитал

Қосымша төленген капитал табыс салығын шегергенде Компания акционерінен өтеусіз негізде алынған өзге де қызметтерді ұсынады.

Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Компанияның резервтерін бөлу үшін қол жетімді мөлшер бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттарына сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайда мөлшерімен шектеледі. Егер Компанияның меншікті капиталы бөлу нәтижесінде теріс болса немесе мұндай бөлу Компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе төлем қабілетсіздігіне әкеп соқтырса, бөлу жүрзілмейді.

2025 жылы Компания 759,750 мың теңге, жай акцияға 189.94 теңге (2024 жылы: 867,400 мың теңге, жай акцияға 216.85 теңге) сомасында дивидендтер жариялады және төледі.

10 Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістер:		
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	2,260,314	2,416,785
Ақша қаражаты және оның баламалары:		
«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	842,103	569,809
Мерзімді депозиттер	17,811	12,200
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	33,165	22,332
Пайыздық кірістердің жиыны	**3,153,393**	**3,021,126**

Барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық кірістер мен шығыстарға шарттың тараптары төлеген және алған және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен төлемдерді, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ барлық басқа сыйлықақыларды немесе жеңілдіктерді қамтиды.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге жататын комиссияларға қаржылық активті қалыптастыруға немесе сатып алуға немесе қаржылық міндеттемені шығаруға байланысты ұйым алған немесе төленген комиссиялар жатады.

11 Операциялық шығындар

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және тиісті салықтар	1,591,557	1,594,070
Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер	451,376	301,778
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығындар	193,305	107,065
Кәсіби қызметтер	143,565	244,653
Табыс салығынан басқа салықтар	118,497	93,226
Іссапар шығындары	106,254	120,250
Қызметкерлерді оқыту	48,672	25,760
Көлік шығындары	15,644	11,863
Тозу және амортизация	10,306	33,232
Сақтандыру	8,661	9,725
Кеңсе керек-жарақтары және өзге де материалдар	3,220	3,434
Басқалары	9,973	7,954
Операциялық шығындардың жиыны	**2,701,030**	**2,553,010**

11 Операциялық шығындар (жалғасы)

Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және тиісті салықтар

Еңбекақыға, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналарға, жыл сайынғы ақылы демалыстарға және сырқаттық ақыларға арналған шығындар Компания қызметкерлерінің тиісті қызметтер көрсетуіне қарай есептеледі. Компанияның белгіленген жарналары бар мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден басқа, зейнетақы немесе осыған ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қалыптасқан іскерлік тәжірибеден туындайтын қандай да бір құқықтық немесе туындайтын міндеттемелері жоқ.

Кәсіби қызметтердің құрамына 38,280 мың теңге (2024 жыл: 35,840 мың теңге) шамасында аудиторлық қызметтер енгізілген. Компанияның аудиторы көрсеткен қосымша аудиторлық емес қызметтер 2025 және 2024 жылдары ұсынылмады.

12 Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс

Қызмет көрсетуден түскен кірістің барлық сомасы тиісінше ҚРҰБ-мен 2013 жылы және 2023 жылы жасалған алтын-валюта активтерінің бір бөлігін сенімгерлік басқару туралы және ҚР Ұлттық қоры активтерінің бір бөлігін инвестициялық басқару туралы шарттарға сәйкес алынған басқару комиссиясына жатады. 2025 және 2024 жылдары алтын-валюта активтерінің бір бөлігін сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша жыл сайынғы комиссия есепті жылдың соңғы жұмыс күнінің соңында қолданыста болған ҚРҰБ-ның ресми бағамы бойынша теңгемен аударылған 8,000 АҚШ долларының тіркелген сомасы ретінде есептелді. 2025 жылы ҚР Ұлттық қоры активтерінің бір бөлігін инвестициялық басқару туралы шарт бойынша басқарудың тоқсан сайынғы комиссиясы портфельдің баламалы құралдар портфелі активтерінің орташа арифметикалық құнының жылдық 0.06% құрады.

Комиссиялық кірістер қызмет көрсету фактісі бойынша біркелкі есептен шығару әдісін пайдалана отырып кезең ішінде көрсетіледі.

13 Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар	(340,126)	-
Кейінге қалдырылған салық салу	(2,860)	18,515
Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу жиыны	**(342,986)**	**18,515**

Ағымдағы салық салық салынатын пайдаға немесе ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі залалдарға қатысты салық органдарына төлеуге немесе салық органдарының өтеуіне күтілетін табыс салығының сомалары негізінде есептеледі. 2025 жылы ағымдағы табыс салығы бойынша мөлшерлеме 10% және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мөлшерлеме 20% құрайды (2024 жыл: 20%).

Кейінге қалдырылған табыс салығы болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалына қатысты міндеттемелерді және активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың қаржылық есептіліктегі баланстық құны арасында туындайтын уақытша айырмашылықтарды есептеудің баланстық әдісімен есептеледі.

2025 жылы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне жаңа салық заңнамасын кезең-кезеңімен енгізуге бағытталған бірқатар өтпелі ережелерді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар күшіне енді. 2026 жылы салық базасын қалыптастыру, шегерімдер мен түзетулерді қолдану тәртібіне, салықтық әкімшілендірудің жекелеген аспектілеріне өзгерістер енгізетін Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізілді. Есепті күнге Компания Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінің ережелеріне жан-жақты талдау жүргізіп, оның қаржылық есептілігіне ықтимал әсерін бағалауда.

13 Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу (жалғасы)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтық шығындар сомасын қолданылатын салық мөлшерлемесіне көбейтілген пайда немесе залал сомасымен салыстыру

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Табыс салығына дейінгі пайда	749,582	741,239
Заңнамалық белгіленген мөлшерлеме бойынша теориялық салық аударымдары (2025 жылы: 20%; 2024 жылы: 20%)	(149,916)	(148,248)
Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын табыс	-	171,514
Мемлекеттік бағалы қағаздар және РЕПО операциялары бойынша сыйақыны 2025 жылы 10% баға ұсынысы бойынша түзету (2024 жылы.: 0%)	(188,527)	-
Шегерілмейтін шығындар	(4,543)	(4,751)
Табыс салығы бойынша (шығынның)/үнемдеудің жиыны	**(342,986)**	**18,515**

2025 жылы табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлеме 45,76% (2024 жылы: 2.50%) құрады. Елеулі өсім мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салынатын табыстың және РЕПО операцияларынан түсетін табыстың пайда болуын қоса алғанда, салық салынатын база құрылымының өзгеруіне байланысты. Сонымен қатар, 2025 жылға қолданылатын салық кодексінің өтпелі ережелері салықты есептеуді өзгертуде маңызды рөл атқарды, бұл жиынтық мөлшерлемеге айтарлықтай әсер етті.

Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері

Бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттары мен Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар қаржылық есептілікті жасау мақсатында және табыс салығын есептеу мақсатында активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтардың туындауына әкеледі. Төменде осы уақытша айырмашылықтар қозғалысының салық әсерлері толықтай көрсетілген. 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдегі уақытша айырмашылықтар шамасының өзгеруі келесідей:

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық**	**Пайда немесе залал құрамында көрсетілген**	**Меншікті капиталдың құрамында көрсетілген**	**2025 жылғы 31 желт-дағы жағдай бойынша қалдық**
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	-	2,008	-	2,008
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	17,417	(5,025)	-	12,392
Өзге міндеттемелер	108,305	157	(264)	108,198
Кейінге қалдырылған таза салық активі	**125,722**	**(2,860)**	**(264)**	**122,598**

2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдегі уақытша айырмашылықтар шамасының өзгеруі келесідей:

Қазақстандық мың теңгемен	**2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық**	**Пайда немесе залал құрамында көрсетілген**	**Меншікті капиталдың құрамында көрсетілген**	**2024 жылғы 31 желт-дағы жағдай бойынша қалдық**
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(877)	877	-	-
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	20,161	(2,744)	-	17,417
Өзге міндеттемелер	88,207	20,382	(284)	108,305
Кейінге қалдырылған таза салық активі	**107,491**	**18,515**	**(284)**	**125,722**

13 Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығын) (жалғасы)

Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес ауыстырылған салық залалдарын пайдалану мерзімі шектелмеген.

Компания басшылығы кейінге қалдырылған салықтық активтердің өтелу ықтималдығын бағалап, шегерілетін уақытша айырмашылықтарды ескере отырып, күтілетін салық салынатын табыстардың болуына байланысты салықтық активтерді тану негізді деген қорытындыға келді.

Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген табыс салығы

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Компания акционерінен өтеусіз алынған қызметтер мен негізгі құралдар	264	284

14 Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері

Тәуекелдерді басқару компания қызметінің негізінде жатыр және компанияның операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі компанияның өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдері болып табылады.

Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекел лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекел деңгейін және оның белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің өзгеруін және пайда болған үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерін мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты.

Компания Басқармасы тәуекелдерді мониторингтеу және оны төмендету шараларының енгізілуіне жауапты, сондай-ақ Компанияның қызметті белгіленген тәуекел шегінде жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекел-менеджердің міндетіне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуына бақылау жасау, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді анықтау, бағалау, басқару және олар бойынша есеп жасаудың жалпы қағидалары мен әдістерінің қолданылуына бақылау жасау кіреді. Тәуекелдің сыртқы және де ішкі факторлары Компанияның ұйымдастырушылық құрылымы аясында айқындалып, басқарылады.

Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі - бұл нарық бағасының өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе болашақ ағымының өзгеру тәуекелі. Нарық тәуекелі валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ өзге баға тәуекелдерінен тұрады. Нарық тәуекелі нарықтағы жалпы және өзіндік өзгерістердің және нарық бағалары мен валюталардың айырбас бағамының ауытқу деңгейінің өзгеруі әсеріне ұшырайтын пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық жайғасымдар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың мақсаты — қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыра отырып, нарықтық тәуекелге ұшырау деңгейінің қолайлы шектерден аспауын басқару және бақылау болып табылады

Тәуекел менеджменті департаменті нарық тәуекелін басқару үшін жауапкершілік алады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі - нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан қаржылық құралдың әділ құнының немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру тәуекелі. Компания өз қаржылық жағдайы мен ақша ағындарына әсер ететін басым нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің ауытқуларына ұшырайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін арттыруы мүмкін, алайда оны төмендетуі немесе пайыздық мөлшерлемелердің күтпеген өзгеруі жағдайында залалдардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

14 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі сыйақы мөлшерлемелері арасындағы алшақтықты мониторингтеу арқылы бақыланады. Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

Қазақстандық мың теңгемен	3 айға дейін	3-6 ай	6-12 ай	1 жыл-5 жыл	5 жылдан астам	Пайызсыз	Баланстық құн
2025 жылғы 31 желтоқсан							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,639,846	-	-	-	-	-	5,639,846
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	1,807	1,785	3,540	39,907	103,695	-	150,734
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	34,473,820	-	36,064,263
Өзге қаржылық активтер	-	-	-	-	-	158,035	158,035
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**5,641,653**	**1,592,228**	**3,540**	**39,907**	**34,577,515**	**158,035**	**42,012,878**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-	4,746	4,746
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**4,746**	**4,746**
ТАЗА ЖАЙҒАСЫМ	**5,641,653**	**1,592,228**	**3,540**	**39,907**	**34,577,515**	**153,289**	**42,008,132**
2024 жылғы 31 желтоқсан							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,342,039	-	-	-	-	20,619	5,362,658
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	2,110	2,078	4,108	47,480	136,560	-	192,336
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	34,772,659	-	36,363,102
Өзге қаржылық активтер	-	-	-	-	-	79,600	79,600
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**5,344,149**	**1,592,521**	**4,108**	**47,480**	**34,909,219**	**100,219**	**41,997,696**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-	2,475	2,475
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**2,475**	**2,475**
ТАЗА ЖАЙҒАСЫМ	**5,344,149**	**1,592,521**	**4,108**	**47,480**	**34,909,219**	**97,744**	**41,995,221**

14 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі

Келесі кесте 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді:

	Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %	
Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Ақша қаражаты және оның баламалары:		
Банктердегі қысқа мерзімді депозиттер	15.15	13.17
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	10.24	10.34
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	6.36	6.36

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне сезімталдықты талдау

Пайда немесе залалдың және капиталдың (салықтарды шегергеннен кейін) пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдық талдауы (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау тәуекелі), пайыздық мөлшерлемелердің өсуі немесе төмендеуі бағытында кірістілік қисықтарын 100 базистік пункттке параллель ығыстырудың жеңілдетілген сценарийі негізінде, сондай-ақ 2025 жылғы 31 желтоқсан және 2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайындағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша қайта қаралған позицияларды ескере отырып, төмендегідей ұсынылуы мүмкін:

	МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	
Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Мөлшерлемелердің төмендеуіне қарай 100 базистік пунктке параллель ығыстыру	59,966	59,299
Мөлшерлемелердің өсуіне қарай 100 базистік пунктке параллель ығыстыру	(59,966)	(59,299)

Валюталық тәуекел

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның активтері мен міндеттемелері теңгемен көрсетілді.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл қарыз алушының немесе Компания контрагентінің міндеттемелерді орындамауынан туындайтын қаржылық шығындар қаупі. Компания бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы кредиттік тәуекелді (танылған қаржылық активтер және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) басқарады.

Компанияның кредиттік тәуекелінің максималды деңгейі қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық активтердің баланстық құнында көрсетіледі. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда мерзімі өткен немесе құнсызданған қаржылық активтер болған жоқ.

Есепті күнгі жағдай бойынша қаржылық активтерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	**2024 жылғы 31 желтоқсан**
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,639,846	5,362,658
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	150,734	192,336
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	36,064,263	36,363,102
Өзге қаржылық активтер	158,035	79,600
Кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейінің жиыны	**42,012,878**	**41,997,696**

14 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу

Төмендегі кестелерде көрсетілген ақпаратты ашып көрсету қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер туралы ақпаратты қамтиды, олар:

- Компанияның қаржылық жағдайы туралы есебінде өзара есепке алынады, немесе
- қаржылық жағдай туралы есебінде өзара есепке алынып/алынбайтынына тәуелсіз ұқсас қаржы құралдарына таралатын өзара есеп немесе ұқсас келісімдер туралы заңдық күші бар бас келісімнің нысаны болып табылады.

Ұқсас келісімдерге туынды құралдардың клирингі туралы келісімдері, «РЕПО» мәмілелері үшін ғаламдық бас келісімдері және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы ғаламдық бас келісімдері кіреді.

Компания келесі мәмілелерге қатысты нарықта айналымда болатын ақша қаражаты мен бағалы қағаздар түріндегі қамсыздандыруды алады және қабылдайды:

- «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері

Бұл қамсыздандыру ретінде алынған/кепілге берілген аталған бағалы қағаздар мәміленің қызмет мерзімі ішінде кепілге берілуі немесе сатылуы мүмкін екенін білдіреді, алайда, олар мәмілені өтеу мерзіміне дейін қайтарылуға тиіс. Мәміле талаптары әрбір контрагентке қамсыздандыруды ұсынуға қабілетсіз болуы нәтижесінде сәйкес мәмілені тоқтату құқығын береді.

Кестеде өзара есеп айырысу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және осыған ұқсас келісімдердің нысанасы болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер көрсетілген, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұқсас операциялар жоқ.

Қазақстандық мың теңгемен	**Танылған қаржылық активтердің толық сомалары**	**Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есептелген танылған қаржылық активтердің толық сомасы**	**Қаржылық жағдай туралы есептегі қаржылық активтердің таза сомасы**	**Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есептелмеген сомалар қаржы құралдары**
Қаржылық актив түрлері				
«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	5,532,559	-	5,532,559	5,532,559
Қаржылық активтер жиыны	**5,532,559**	**-**	**5,532,559**	**5,532,559**

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл Компанияның есептесуі ақша қаражатын беру арқылы жүргізілетін қаржы міндеттемелерін орындау бойынша қиындықтарының туындау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша сәйкес келмеген жағдайда туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері және пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкес келу және/немесе бақыланбайтын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқарудағы негізгі жағдай болып табылады. Өткізілетін операциялардың және олармен байланысты белгісіздіктің әр алуандығы салдарынан активтер мен міндеттемелер мерзімдері бойынша толықтай сәйкестік қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды, бұл операцияның кірісін арттыруға мүмкіндік бередіғ алайда залалдың туындау тәуекелін жоғарылатады.

Компания өтеу мерзімінің туындауына байланысты барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында қажетті өтімділік деңгейін сақтайды. Өтімділікті басқару саясатын Басқарма қарастырады және бекітеді.

14 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдарының өтелу мерзімдері бойынша талдау көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Сұраныс бойынша және 1 айдан аз	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,639,846	-	-	-	-	5,639,846
Инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	34,473,820	36,064,263
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	1,807	1,785	3,540	39,907	103,694	150,734
Өзге қаржылық активтер	-	158,035	-	-	-	158,035
Жиыны	**5,641,653**	**1,750,263**	**3,540**	**39,907**	**34,577,514**	**42,012,878**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	4,746	-	-	-	4,746
Қаржылық міндеттемелер бойынша әлеуетті болашақ төлемдер жиыны	**-**	**4,746**	**-**	**-**	**-**	**4,746**
Қаржы құралдары бойынша өтімділік алшақтығы	**5,641,653**	**1,745,518**	**3,540**	**39,907**	**34,577,515**	**42,008,132**

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдарының өтелу мерзімдері бойынша талдау көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Сұраныс бойынша және 1 айдан аз	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,362,658	-	-	-	-	5,362,658
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	2,110	2,078	4,108	47,480	136,560	192,336
Инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	34,772,659	36,363,102
Өзге қаржылық активтер	-	79,600	-	-	-	79,600
Жиыны	**5,364,768**	**1,672,121**	**4,108**	**47,480**	**34,909,219**	**41,997,696**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	2,475	-	-	-	2,475
Қаржылық міндеттемелер бойынша әлеуетті болашақ төлемдер жиыны	**-**	**2,475**	**-**	**-**	**-**	**2,475**
Қаржы құралдары бойынша өтімділік алшақтығы	**5,364,768**	**1,669,646**	**4,108**	**47,480**	**34,909,219**	**41,995,221**

15 Капиталды басқару

Компанияда капиталды басқару жөнінде ресми саясат жоқ, алайда басшылық Компанияның операциялық және стратегиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ нарық қатысушыларының сенімін сақтауға жеткілікті деңгейде капиталды қолдап отыру үшін тиісті шаралар қабылдайды. Бұл Компанияның ақша қаражатын тиімді басқару, кірістер мен пайданы тұрақты түрде бақылау, сондай-ақ негізінен Компанияның операциялық қызметінен түсетін ақша ағындары есебінен қаржыландырылатын ұзақ мерзімді инвестициялық жоспарларды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі. Осы шараларды жүзеге асыра отырып, Компания пайданың тұрақты өсуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

16 Шартты міндеттемелер

Қазақстандағы шартты салық міндеттемелері

Қазақстан Республикасындағы салық шарттары өзгеруге және дәйексіз қолдануға және түсіндіруге бейім. Атап айтқанда, жер қойнауын пайдалануға арналған ағымдағы келісімшарттардың 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық тұрақтылығы болмайды және салық міндеттемелері жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен есептеледі, бұл жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық позицияларының, оның ішінде Компанияның позициясының қолайсыз өзгеруіне әкелуі мүмкін. Компания мен қазақстандық уәкілетті органдардың қазақстандық заңдар мен ережелерді түсіндіруіндегі сәйкессіздіктер қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге әкелуі мүмкін.

Қазақстан заңнамасы мен салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында, сондықтан әртүрлі түсіндірулерге және кері күшке ие болуы мүмкін жиі өзгерістерге ұшырайды. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады.

Компания басшылығы қолданылатын қазақстандық салық заңнамасын, нормативтік талаптар мен сот шешімдерін түсінуіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық көлемде көрсетілген деп есептейді. Алайда, әр түрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі басшылықтың пікірінен өзгеше болуы мүмкін екенін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлеу шараларын қолданған жағдайда олардың осы қаржылық есептілікке әсері айтарлықтай болуы мүмкін.

17 Сенімгерлік басқару

Компания Бас компанияның активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсетеді, атап айтқанда, активтерді басқарады немесе алынған қаражатты клиенттің нұсқауларына сәйкес әртүрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Компания осы қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы алады. Сенімгерлік басқаруға алынған активтер Компанияның активтері болып табылмайды және сәйкесінше оның қаржылық жағдайы туралы есебінде көрсетілмейді. Компания көрсетілген инвестицияларды жүзеге асыру кезінде кредиттік тәуекелге ұшырамайды, өйткені ол көрсетілген инвестицияларға кепілдік бермейді. Компания агент ретінде әрекет етеді, өйткені өкілеттіктер мен кірістер арасындағы байланыс элементі жоқ. Осыған сәйкес, 10 ХҚЕС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» талаптарына сәйкес Қор компания үшін шоғырландыру объектісі болып табылмайды.

18 Байланысты тараптармен операциялар

Бақылау қатынастары

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компания толығымен ҚРҰБ-ға тиесілі. Бас компания ашық қол жетімді қаржылық есептілікті ұсынады.

18 Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Негізгі басқару қызметкерлерінің мүшелерімен операциялар

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қызметкерлер шығындарының құрамына кіретін сыйақылардың жалпы мөлшері келесідей ұсынылуы мүмкін:

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Еңбекақы және өзге төлемдер	262,382	239,275
Еңбекақы бойынша салықтар	32,289	24,525
Жиыны	**294,671**	**263,800**

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқару қызметкерлерінің мүшелерімен операциялар бойынша шоттардағы қалдықтар келесідей ұсынылған:

Қазақстандық мың теңгемен	**2025 жыл**	**2024 жыл**
Қаржылық жағдай туралы есеп		
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	52,358	54,939

Басқа байланысты тараптармен операциялар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттардағы қалдықтар, сондай-ақ басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал төмендегіні құрады:

Қазақстандық мың теңгемен	**Бас компания**	**Бас компанияның басқа еншілес кәсіпорындары**	**Мемлекеттік кәсіпорындар**	**Жиыны**
Қаржылық жағдай туралы есеп				
АКТИВТЕР				
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	36,064,263	36,064,263
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	122,598	122,598
Өзге активтер	158,035	-	87,630	245,665
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Ағымдағы салықтық міндеттемелер	-	-	(340,125)	(340,125)
Өзге міндеттемелер	-	(1,594)	-	(1,594)
Пайда немесе залал				
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс	47,926	-	2,212,387	2,260,313
Операциялық шығындар	(1,319)	(42,254)	(292,729)	(336,302)
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	305,343	-	-	305,343
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	-	(342,986)	(342,986)

18 Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттардағы қалдықтар, сондай-ақ басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал төмендегіні құрады:

Қазақстандық мың теңгемен	Бас компания	Бас компанияның басқа еншілес кәсіпорындары	Мемлекеттік кәсіпорындар	Жиыны
Қаржылық жағдай туралы есеп				
АКТИВТЕР				
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	36,363,102	36,363,102
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	125,722	125,722
Өзге активтер	79,600	-	104,472	184,072
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Өзге міндеттемелер				
Пайда немесе залал	-	(48)	-	(48)
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс	186,530	-	2,230,255	2,416,785
Операциялық шығындар	(1,319)	(46,004)	(238,962)	(286,285)
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	282,639	-	-	282,639
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	-	18,515	18,515

2025 жылы Бас компания Компанияның ақпараттық жүйелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша 1,056 мың теңгеге қызмет көрсетті (2024 жылы: 1,055 мың теңге). Бұл қызметтер компанияға табыс салығын шегергенде өтеусіз негізде берілді.

18 Қаржылық активтер мен міндеттемелер: әділ құн және есептік жіктелуі

Бухгалтерлік есептің жіктелуі және әділ құны

Әділ құнды бағалау бағалау күні нарық қатысушылары арасындағы қалыпты мәміле жағдайында активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны айқындауға бағытталған. Алайда белгісіздік факторын, сондай-ақ қолданылатын пайымдаулардың субъективтілігін ескере отырып, әділ құн активтер жедел түрде іске асырылатын немесе міндеттемелер дереу өтелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

Белсенді нарықта айналымда болатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеуге немесе дилер бағасына негізделеді. Компания Компанияның өзге де барлық қаржылық құралдарының әділ құнын бағалаудың басқа әдістерін қолдану арқылы айқындайды. Алайда белгісіздік факторын, сондай-ақ қолданылатын пайымдаулардың субъективтілігін ескере отырып, әділ құн активтер жедел түрде іске асырылатын немесе міндеттемелер дереу өтелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

19 Қаржылық активтер және міндеттемелер: әділ құн және есептік жіктелуі (жалғасы)

Әділ құнды бағалау иерархиясы

Компания әділ құнды келесі аталған бағаларды қалыптастыруда қолданылатын әділ құнды бағалау иерархиясын пайдалана отырып бағалайды:

- 1-деңгей: Сәйкес қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеу (түзетілмеген);
- 2-деңгей: 1-деңгейге қатысты баға белгілеуден өзгеше, тікелей (яғни, баға белгілеу) немесе салдарлы (яғни, баға белгілеуден туынды деректер) арқылы қолжетімді болатын мәліметтер. Аталмыш санатқа ұқсас құралдары үшін белсенді нарықта нарықтық баға белгілеуді, белсенді ретінде қарастырылмайтын нарықтардағы ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеуді немесе басқа да бағалауларды пайдаланып бағаланатын құралдар жатқызылады, олардағы барлық пайдаланылатын мәліметтер тікелей немесе жанама түрде бақыланатын бастапқы мәліметтерге негізделеді.
- 3-деңгей: қолжетімді болып табылмайтын мәліметтер. Аталмыш санатқа бақыланатын бастапқы мәліметтерге негізделмеген ақпаратты пайдаланып бағаланатын құралдар жатқызылады, бұл жағдайда аталмыш бақыланбайтын мәліметтер құралды бағалауға біршама ықпал етеді. Аталмыш санатқа құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін талқыла немесе бақыланбайтын баға белгілеу талап етілетін ұқсас құралдар негізінде бағаланатындар жатады.

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарына талдау келтірілген:

Қазақстандық мың теңгемен	**2-деңгей**	**3-деңгей**	**Әділ құнның жиыны**	**Баланстық құнның жиыны**
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,639,846	-	5,639,846	5,639,846
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	-	150,734	150,734	150,734
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	22,226,904	-	22,226,904	36,064,263
Өзге қаржылық активтер	-	158,035	158,035	158,035

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарына талдау келтірілген:

Қазақстандық мың теңгемен	**2-деңгей**	**3-деңгей**	**Әділ құнның жиыны**	**Баланстық құнның жиыны**
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және оның баламалары	5,362,658	-	5,362,658	5,362,658
Қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	-	192,336	192,336	192,336
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	26,774,189	-	26,774,189	36,363,102
Өзге қаржылық активтер	-	79,600	79,600	79,600

19 Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті кезең аяқталғаннан кейін маңызды оқиғалар болған жоқ.